

Құландарды жерсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 қарашадағы № 1495 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінен Жамбыл облысындағы республикалық маңызы бар Андасай мемлекеттік табиғи қамалының аумағына 2012 жылы саны 60 (алпыс) бас құланды жерсіндіруге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен Алматы облысының «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағынан саны 60 (алпыс) бас құланды жерсіндіру мақсатында тірідей аулауға рұқсат берсін;

2) құландарды жерсіндіру жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі	С. Ахметов	